

## АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АЛЫП ТҮЛҒА



Ожар бет, қара мойын – бейне құлқаса,  
Қылар ед бір салса егер мылжса-мылжса.  
Шалқыган жасауырынды, бұксыры қара,  
Еңгезер, үйелмен, дәу, тартқан – құжсга.

Сәкен Сейфуллин

Қажымұқан Мұнайтпасұлы қазақтың атын әлемге танытқан алпауыт күш иесі. Данкты балуан белдескеннің белін қайыстырып, курескеннің жамбасын жерге тигізіп, халқымыздың абыронын асырган ерен тулаға.

Әлемнің 54 мемлекетінде куреске түсіп 48 медаль олжалаган Қажымұқан Мұнайтпасұлы Ақмола облысының Караөткел ауылында дүниеге келіп, балалық шағын осы өнірде өткізген. Кейіннен еліміздің онтүстігіне қоныс аударып, өмірінің соны сонда өткен. Ғұмырының 55 жылын курес пен цирк өнеріне арнаған Қажымұқан атамыз жайлы тың деректер өте көп. Бабамыз жайлы кітаптар мен аңыз әңгімелер, кино туындылар, елендер де жетерлік.

Қазіргі Қажымұқан ауылы 1854 жылы құрдылып,

«Буденний» деп аталған. 1954 жылы Партия мен Үкімет қаулысы бойынша «Тың және тыңайған жерлерді игеру басталғандығы белгілі. Колхоздар таратылып, «Буденний» ауылы «Рассвет» кеңшарының белімшесі болды. Кейіннен, яғни 1970 жылы «Киров» шаруашылығының қарамағына кірді. 1982 жылы подхоз болып жеке белініп шықты. 1992 жылы ауыл «Хаджимукан Мұнайтпасулы» деп аталды. 1998 жылы 11 сәуірінде өткен аудандық мәслихаттың XX-шы сессияның шешімімен ауыл қазақша «Қажымұқан Мұнайтпасов» атын иеленді. 2015 жылы елді мекенге Қажымұқан Мұнайтпасулының ескерткіші орнатылып, ігі шара жоғарғы деңгейде аталып өтті.

Осы жылдың казан айының 25-26 жүлдөзында аудан орталығы Ақмола ауылында балуан бабамыздың 150 жылдық торкалы тойы аталып өтті. Мерекеге арнайы келген Онтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту белімінің ұжымы «Қажымұқан елінен - Қажымұқан еліне» атты концерттік бағдарлама үйімдестірып өз өнерлерін көрсетті.

Қазіргі таңда елімізде балалар мен жасөспірімдердің спортқа деген құлышының жоғары. Небір айтулы спортшылардың ауылдардан шығатындығы белгілі жәйт. Ауыл балаларының арасында Қажымұқан атамыздай куреске жаңы құмар жас балуандардың қатары көбейіп келеді. Бүгінде жасөспірім спортшылармыз түрлі деңгейдегі спорт бәсекелерінде өз мықтылықтарын паш етіп келеді. Ақмол ауылда өткен Қажымұқан Мұнайтпасулының 150 жылдығы мерекесінде де 2007-2009 жылдары тұған жас балуандар әр түрлі салмақ дәрежелері бойынша өзара күш сынасты.

Бибіжамал АЙБЕК,  
архивист.